Утиваев Коишвай Утиваевич	___,___,1898	Актыобинская обл., Бигалинск	Актюб обл		12.07.1942	03.07.1943	шталаг VI K (326), Баторн	Курск	Саксон	красноармеец рядовой, жена Утебаева Дельшат(?)
Абалов Дербзал Абал	1900	Актыобинская область	Актюб обл		06.04.1944				Саксон	
Абдоны Сапа Абдулы	1900	Актыобинская область	Актюб обл		19.05.1943				Саксон	
Абиб Бизенбай Абиб	1895	Актыобинск	Актюб обл		14.01.1943				Саксон	

«БОЛАШАҚ» ТҮЛЕГІ ШЕТ ЕЛДЕ БІЛІМ АЛЫП ЖАТҚАН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ТУРАЛЫ СӨЗ ҚОЗҒАДЫ

13 ҚАЗАН КҮНІ АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТПЕН «САНАЛЫ ҰРПАҚ» СТУДЕНТТІК КЛУБТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СЛЕТІ ӨТКІЗІЛДІ.

Естеріңізге сала кетсек, аталған клубтар ЖОО мен колледж студенттерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға белсенді атсалысуға шақыру мақсатында құрылған. Бүгінде клуб мүшелерінің әрқайсысы білім берудегі сыбайлас жемқорлық көріністерінің болуы, академиялық адалдықтың болмауы – тұтас мемлекеттің күйреуіне өкеліп, талай тағдырлар мен армандарды жоятындығын түсінеді. Кездесуге қала өкімінің орынбасары Айбек Көпенов, «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасының түлегі Серік Алматов және Байғанин аудандық мешихатының депутаты, еркін күрестен спорт шебері Айтуған Тәжімұратов қатысты. Олар жастарға адалдық пен парасаттылық қағидаларын басшылыққа ала отырып, өз ісін жақсы көріп, кез-келген жетістікке қол жеткізу мүмкін екендігін айтты.

Айбек Көпенов жетекші маманнан қала басшысының орынбасарына дейінгі мансабының қыр-сырымен бөлісті. Ал Айтуған Тәжімұратов кәсіпкерлікті, спортты және қоғамдық қызметті ұштастыра отырып, қалай мықты азамат атануға болады деген сұраққа жауап берді.

«Болашақ» бағдарламасы бойынша білім алған, бүгінде Ақтөбе облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасында бөлім басшысы болып қызмет етіп жатқан Серік Алматов Лондон университетіндегі естеліктерімен бөлісті. Спикер қазақстандық студенттердің тіл мен әлемдік деңгейдегі білімді игерудегі артықшылықтарымен бөлісті. Сонымен қатар, бүгінгі жастардың қандай қасиеттерді дамытуға көбірек назар аудару қажеттілігіне тоқталды.

«Барлықтарыңызға мәлім, шет елдегі біздің студенттер қашан да білімімен ерекшеленеді. Біз мектеп, университет қабырасында гумани-

тарлық, жаратылыстану ғылымдарын қамтитын ауқымды пәндерді меңгереміз. Шет елдегілер қазақстандықтар неге көп біледі және неліктен соншалықты жан-жақты деп үнемі аң-таң болады. Өйткені, олар тек қана бір бағытта терең білім алады ғой. Мен оқыған елде азаматтар тең бір ғана тілді – ағылшын тілін біледі. Ал біздер болсақ, жастайымыздан екі тілде еркін сөйлей аламыз. Бұл жағдай біздің ой-өрісімізді кеңейтіп, білімді игеруде өз артықшылықтарын береді. Ғылыми тұрғыда дәлелденген жайт, бірнеше тіл білетін студенттердің үлгерімі қашан да жақсы болады», - деді Серік Алматов. Спикердің айтуынша баға үшін, дипломның түсі үшін, үйдегі туған-туыстың көңілінен шығу үшін білім алатын уақыт өтті. Шет елдіктер тек пайдалы білім алу үшін оқиды. «Болашақ» түлегі жастарды парасатты болуға, сыни ойлауды игеруге, дұрыс патриотизм мен қоршаған ортаны аялауға шақырды.

«Дұрыс патриотизм демекші... Пандемия уақытында онлайн форматқа ауысқан шақта оқу бағасы да төмендеген болатын. Менің жапондық бір танысым қарбаласта құжаттар жинап, оқу ақысының айырмасын қайтару жөнінде бірталай арыз жазды. Әрине, біз қаражатты өзіне алғысы келіп жүргені-ау деп ойладық.

Алайда сөйлесіп, ақыны қайтарғаннан кейін әрбір теңге автоматты түрде Жапонияның бюджетіне түсіп, қажетті салаларға жұмсалатынына көз жеткіздік. Сол кезде мен оның нағыз патриот екенін түсіндім», - деп, спикер өз естелігімен бөлісті.

Шара барысында «Саналы ұрпақ» студенттік клуб мүшелері пікірталасқа қатысып, спикерлерге өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, оларға тұшымды жауаптар алды.

ВЫПУСКНИК «БОЛАШАҚА»РАССКАЗАЛ О КАЗАХСТАНСКИХ СТУДЕНТАХ ЗА ГРАНИЦЕЙ

13 ОКТЯБРЯ АНТИКОРРУПЦИОННОЙ СЛУЖБОЙ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ ПРОВЕДЕН СЛЕТ СТУДЕНЧЕСКИХ КЛУБОВ «САНАЛЫ ҰРПАҚ».

Напомним, что данные клубы призваны объединить студентов ВУЗов и колледжей против коррупции.

Сегодня каждый из членов клуба понимает, что коррупция в образовании, отсутствие академической честности – это крах всего государства, сломанные судьбы и разрушенные мечты.

На данной встрече выступили местные спикеры в лице заместителя акима города Айбека Купенова, выпускника госпрограммы «Болашак» - Серика Алматова и депутата Байганинского районного маслихата, мастера спорта по вольной борьбе Айтуғана Тажимуратова. Они повествовали молодежи о том, что любые успехи возможны, если руководствоваться простыми принципами честности, добросовестности и любить свое дело.

Айбек Купенов поделился своей историей от ведущего специалиста до заместителя главы города Актөбе, а Айтуған Тажимуратов рассказал о том, как развивать внутренний стержень, совмещая бизнес, спорт и общественную деятельность.

Серик Алматов, руководитель отдела в Управлении области поделился воспоминаниями о Лондонском университете, где проходил обучение по программе «Болашак». Спикер отметил те качества казахстанских студентов, которые дают им преимущества в освоении языка и знаний мирового уровня. Кроме того, рассказал какие качества нужно развивать современной молодежи.

«Вы знаете, наши студенты за границей выделяютя своими знаниями. Мы ведь в стенах школы, университета осваиваем ряд дисциплин: гуманитарные, естественные

науки. За границей часто удивляются, почему мы так много знаем и почему мы такие разносторонние, ведь они специализируются в узких направлениях. Там, где я учился, люди говорили и знали лишь один язык – это английский. А мы уже с детства свободно говорим на двух языках, и это придает нам некие преимущества в плане мышления и обучения. Научно доказано, что у студентов знающих несколько языков хорошая успеваемость», - отметил Серик Алматов.

По словам спикера, пришло время отходить от учебы ради оценок, цвета диплома и довольствия родственников. За границей учатся только ради полезных знаний.

Выпускник «Болашака» призвал молодежь быть доброспорядочными, иметь критическое мышление, здравый патриотизм и беречь окружающую среду.

«Кстати о здравом патриотизме. Во время пандемии, когда мы перешли на онлайн, цена за обучение сократилась. Мой один знакомый из Японии, собирал документы, писал заявления, суетился чтобы вернуть разницу. Естественно мы подумали, что он хотел их взять себе. Однако после диалога с ним выяснилось, что как только он вернет разницу, какой дый тенега автоматически упадет в бюджет Японии, где далее средства будут распределены по необходимым отраслям. В этот момент я понял, какой же он патриот» - вспоминает Серик Алматов.

В ходе встречи члены студенческих клубов «Саналы ұрпақ» участвовали в дискуссии, активно задавали спикерам интересные вопросы и получали на них исчерпывающие ответы.

АНТИКОРРУПЦИОННАЯ СЛУЖБА АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ

Ойыл аудандық аурухана ұжымы және кәсіподақ ұйымы Телжановтар отбасына ардақты өкесі Теміржанның қайтыс болуына байланысты ағайын-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

ЕРТЕГІ-СЫР ШЕРТЕДІ

Қазіргі таңда, еліміздегі мүмкіндігі шектеулі балалар санының көбеюі денсаулық сақтау, білім және әлеуметтік қорғау салаларының осы мәселеге көңіл бөлуін талап етіп отыр. Жылдан-жылға мүмкіндігі шектеулі балаларға деген қоғамның көзқарасы өзгеріп, оларды қоғамның бір мүшесі ретінде қарауға бет бұрып келеді.

Шыр етіп дүниеге келген әр бала бақытты болуға лайықты. Оған тек баланың отбасы ғана емес, қоғамға пайдам тисін деген әрбір адам жауапты. Үлкендердің бейкүнә балаларға жасаған титімдей жақсылығы болса, сол жақсылықтың адамға теңіздей болып мың еселеніп қайтары жақ.

Осы орайда әрдайым игі істің басында жүріп, жақсылықтың жаршысы болуды өз жұмыстарының мақсатына айналдырып жүрген, Сағи Жиенбаев атындағы балалар жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері, «Облыстық арнаулы есту қабілеті бұзылған балалар мектеп-интернаты колледжіне» табан тіреген болатын. Оған басты себеп, кітапхананың «Шапағат» қайырымдылық клубының мүшелері арасында «Ертегі-сыр шертеді» тақырыбында танымдық шара өткізу еді. Мақсаты - балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, ертегі кейіпкерлерін сомдау арқылы жақсы қасиеттерді баулу. Бұл танымдық сағатқа балалар белсенді қатысты. Әсіресе, Нұрсұлтан Жомар-



тов, Амирбек Амангельдинов, Жарбол Анисов, Шамиль Шахабаев, Женисгүл Мақсатқызы, Аянат Сатыбалды сынды алғыр балалар кітапханашылардың құрастырған сөзжұмбақ, ребустарын қызығушылықпен шешіп, сұрақтарға өз жауаптарын ұсынды. Балалар түрлі жандрағы ертегілермен танысып, экран арқылы бірнеше ертегіні тамашалады. Шара аясында баланың мүшелері арасында «Ертегі-сыр шертеді» тақырыбында танымдық шара өткізу еді. Мақсаты - балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, ертегі кейіпкерлерін сомдау арқылы жақсы қасиеттерді баулу. Бұл танымдық сағатқа балалар белсенді қатысты. Әсіресе, Нұрсұлтан Жомар-

батыс бастауыш сыныптар арасында «сенсация» жасап 1 орын иеленсе, оқушысы Серікұлы Аманаллаһ облыстың «Ең үздік математик» номинациясымен марапатталды. Республикалық интеллектуалдық марафон «Ақбота» сайысына қатысқан оқушылары 1 орынды иемденді.

Жас әріптестеріне әдістемелік көмек ретінде әдістемелік нұсқаулар әзірледі. Оқушылары аудандық ғылыми жобалар сайысында жеңімпаз атанып, аудандық, облыстық пен олимпиадаларында жүлделі орындардан көрінеді. Былтырғы пандемия кезінде дүниетану пәні бойынша республика көлемінде іс-тәжірибе таратты.

Облыстық «Ең үздік сабақ жоспары» байқауына қатысып, жүлделі орындар иеленді. Оқу жылында республикалық «Үздік педагог» байқауының облыстық жеңімпазы атанып, облыс өкіміні гранты «Жүз мың теңге» сертификатты иеленді. Республикалық «Әрлеу» образовательный каналына Дүниетану пәні бойынша видео сабақ жариялап, «Лучший педагог страны» сертификатын иеленді.

Үш жыл қатарынан облыстық кәсіби байқау педагогикалық олимпиадаға жыл сайын қатысып жүлделі I орынды иемденіп отырды. Үстаз жас ұрпаққа білім мен тәлім-тәрбие беру ісіне қосқан үлесі үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Алғыс хатымен» марапатталған.

«Алашқы еңбек жолын бастаған кезде үлкен көмек көрсеткен бірінші себепкер әріптесім, әрі жеңем Екатерина Қалиева, сол уақыттарда аудандық білім бөлімінің әдіскері

Гәуһар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл селосы.

БИБІНҮР – «ҮЗДІК ПЕДАГОГ»

“Үстаз - ұлық емес, ұлы қызмет” - деп Бауыржан атамыз айтқандай, ұстаз болу кез-келгеннің қолынан келе бермейді. «Мұғалім өзінің білімділігімен, жүріс-тұрысымен, жайдары мінезімен, тіпті сырт пішіні, киген киімімен де оқушысына жақсы мағынада қатты әсер етеді». Шөкірт тәрбиелеп, оны білгірге жетілдіріп бар саналы ғұмырын осы салаға арнаған ұстаз қауымына қанша мақтау айтсақ та артық етпейді.

2 жылдан бері педагог мәртебесі туралы заң қолданысқа еніп, ұстаздарды қолдау да үлкен серпіліс әкелуде. Қазан айының алғашқы жексенбісінде ұстаздардың төл мерекесі қарсаңында білім саласының мейталман ұстаздарын анықтауды мақсат еткен облыстық “Үздік педагог” байқауы қорытындыланды. Өңірден 30 ұстаз қатысып, олардың ішінен үздік деп танылған бес ұстаз “Үздік педагог” атанды.

Соның бірі ауданымыздан оза шапқан Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі Аманғалиева Бибінүр Ерсайынқызы. Ұстаздық деген ұлағатты қызмет жолында 32 жыл есепі еңбек еткен жан өз пәнін жетік меңгерген, кәсіби деңгейі жоғары ізденімпаз ұстаз. Әрбір жыл сайын бастауыш сыныпты аяқтап шығарған оқушылары, жоғарғы сыныпта өз білім дәрежесін жоғары деңгейде көрсетіп, «Алтын белгі иегерлері» атанып жүр. Шөкірттерінің алдыңғы қатары АҚШ елінде «Болашақ» грант иегері атанып, өз білімдерін жалғастыруда. Облыстық «Кішкентай білгірлер» пендік олимпиададан 4 рет жүлделі орынмен оралып, 2016 жылы ауданы-

мызда бастауыш сыныптар арасында «сенсация» жасап 1 орын иеленсе, оқушысы Серікұлы Аманаллаһ облыстың «Ең үздік математик» номинациясымен марапатталды. Республикалық интеллектуалдық марафон «Ақбота» сайысына қатысқан оқушылары 1 орынды иемденді.

Жас әріптестеріне әдістемелік көмек ретінде әдістемелік нұсқаулар әзірледі. Оқушылары аудандық ғылыми жобалар сайысында жеңімпаз атанып, аудандық, облыстық пен олимпиадаларында жүлделі орындардан көрінеді. Былтырғы пандемия кезінде дүниетану пәні бойынша республика көлемінде іс-тәжірибе таратты.

Облыстық «Ең үздік сабақ жоспары» байқауына қатысып, жүлделі орындар иеленді. Оқу жылында республикалық «Үздік педагог» байқауының облыстық жеңімпазы атанып, облыс өкіміні гранты «Жүз мың теңге» сертификатты иеленді. Республикалық «Әрлеу» образовательный каналына Дүниетану пәні бойынша видео сабақ жариялап, «Лучший педагог страны» сертификатын иеленді.

Үш жыл қатарынан облыстық кәсіби байқау педагогикалық олимпиадаға жыл сайын қатысып жүлделі I орынды иемденіп отырды. Үстаз жас ұрпаққа білім мен тәлім-тәрбие беру ісіне қосқан үлесі үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Алғыс хатымен» марапатталған.

«Алашқы еңбек жолын бастаған кезде үлкен көмек көрсеткен бірінші себепкер әріптесім, әрі жеңем Екатерина Қалиева, сол уақыттарда аудандық білім бөлімінің әдіскері



болған Марал Еркінова, үнемі іс-тәжірибесімен бөлісіп, көмегін көрсеткен әріптесім Майраш Ибрашева - алаш еңбек жолымыңз еталоны, нәтижелі еңбек етуіме септігін тиізген жандар деп есептеймін. Осы байқауға қатысуға қолдау көрсетіп, сенім артқан мектеп-гимназия директоры Роза Сәуірбайқызына үлкен алғыс білдіремін. Осындай жетістіктер мен еңбектің арқасында «Ақтөбе облысының үздік педагогы» атағына ие болдым» - дейді.

Ақтөбе қаласындағы «Өнер орталығында» үлкен мерекелік шара өтіп, үздіктер марапатталды. Облыс өкімінің орынбасары Бұлбұл Елеусінованың қолынан «Ақтөбе облысының үздік педагогы» төсбелгісімен қатар 500 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде сыйақы иеленді.

Гәуһар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл селосы.

МАЛ БАҒҰ - МАҢҒАЗДЫҢ ІСІ ЕМЕС!



«Мал бақпаңа бітеді», - дейді дана халқымыз. Осы бір қасиетті ұғымды ұстанып, шаруасын дөңгелетіп отырған шаруашылықтар жетерлік. Ауданның ауыл шаруашылығын дамытуда мал бағумен айналысып отырған тіс қаққан шаруа қожалықтар қатарында ең жас шаруа қожалық төрағасы Сырым Айтқалиев та бар. Жиырма жасында шаруа қожалық аңсаған жас жігіт қазір шаруаға өбден «іспісп» қалған. Оны төртіпті етіп тәрбиелеген де, еңбекке бауылған да өкесі көрінеді. Бала күнінен малсақ болып өскен Сырым алдындағы мал басын көбейтсем деген оймен әке таяғын амантатп алды. Ол үшін не істеу керектігін асықпай ойлаып, мемлекеттік бағдарламаларға қатысыман деген байламаға келді. Өйткені ауыл шаруашылығымен айналысатын деушілерге мемлекеттің қолдауы жоғары екенінен бұрыннан хабардар еді. Сырым Мақсұтұлы «мал баққан осылай екен», - деп шаруаға кірісуге бірден тәуекел етпеді. Алдымен ветеринария мамандығы бойынша Ойыл аграрлық колледжінде оқыды. Онда малды емдеу, ота жасау, тілі жоқ жануардың ауруын анықтау бойынша тәжірибе жинады. Одан кейін білімін шыңдауды көздеген ол Сақтаған Бейішұлы атындағы университетті тәмамдады. Сырым қолында қос дипломы болса да, мемлекеттік жұмысқа орналаспады. Керісінше ата-кесіпен айналысуға асықты. Аудан орталығынан шал-

ғай жатқан Қараой ауылдық округіне қарасты бұрынғы Жақсыкөл елді мекеніне барып, кіндік қаны тамған жерде екенің салған жолымен мал бағуды қолға алды. «Жас келсе іске» демекші, шаруаға білек сыбана кірісті. Қолда бар малдың басын арттыру үшін «Сыбаға» мемлекеттік бағдарламасына қатысты. Аз уақыт ішінде мал басын көбейтіп алды. Қазір 100-ге жуық тмүйізді ірі қараны асылдандыру жұмыстарын жандандырып жатыр. Ол үшін де мемлекеттен субсидия алып отыр. Оған қоса мал азығын дайындағаны үшін де субсидия алады. Сырымның шаруашылығында сиырдан бөлек 200-ге тарта қой және жылқылары бар. Арнайы репортаж кезінде иен далада жорытып жүрген жылқыларының бір сыпырасын көрсеткен Сырым, Қамбар ата төлін көбейтуді көздейтінін жасырмады. Оның ендігі мақсаты шаруашылықты одан әрі кеңейтіп, шаруашылық техникаларын жаңарту. Асыл тұқымды мал басын көбейтіп, ауданның ауыл шаруашылығы саласына өзіндік үлесін қосу. 5-6 сынып оқып жүрген кезінен ақ, трактор айдауды меңгерген Сырым Айтқалиев қазір оны шебер жүргізіп қана қоймай сынған жерлерін өзі жөндей алады. Тракторы өткен дәуірдің көзі болғанымен оны бірауық тоқтатқан емес. Мал азығын дайындау науқанында да таңнан кешке дейін қызу жұмыс жасаудан жалықпады. Артылған шөппен қараойлық-

тарды қамтыды. Қазір жиырма бестегі жалындап тұрған жігіттің бірінші мақсаты шаруаның бір шетін үйлестіретін, қарапайым, еңбекке еңжар емес көңіл жарастыратын жақсы жанмен жұп құру. Бұл анасы Сағира алайдық басты арманы десек, артық айтқандық емес. Өйткені Сырым әке отын өшірмейтін отбасындағы жалғыз бала. Әкесі Мақсат оның ойға алған ісін жасауға әрқашан қолдау білдіріп, ақыл-кеңесін беріп келеді. Сырымның ісіне сеніммен қарайды. Сондықтан оның жанында жүріп, шаруаның ыңғайын айтып отырады. Демек, «Әке көрген оқ жоңар», - деп дана халқымыз бекер айтпаған ғой, шіркін!

Р.С. Жақсыкөл Ойыл ауданының Батыс Қазақстан облысымен шектесетін соңғы сағасы. Қаратөбе ауданымен іргелес жатқан екі аралықты Жақсыбай өзені бөліп жатыр. Кезінде төрт жылдық мектебі бар ауыл, қазір тек мал ұстап отырған шаруаларға қолайлы мекен болып отыр. Ондағы шаруа қожалықтар елді мекен ізінде қалған жергілікті тұрғындар. Қазір қастар ондай жерге бармақ түгілі ауданның іргесінде орналасқан ауылдарға тұрмай, ат-тонын ала қамады. Ал, біз арнайы тілдесіп қайтқан Сырым болса, «Туған жерде еңбек етуден асқан абыройлы қызмет жоқ», - дейді.

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ, Ойыл-Жақсыкөл-Ойыл.

ТЫРЫСҚАҚ – АСА ҚАУІПТІ АУРУ

Холера – (тырысқақ) аса қауіпті жұқпалы ауру. Тырысқақ ауруының қоздырғыштары өте ұсақ үтір белгісі тәрізді болуымен байланысты вибрион деген ат берілген. Тырысқақ ауруының екі түрі анықталды. Бірінші түрі негізгі азиялық тырысқақ (класическая азиатская холера), екінші түрі Эль-Тор тырысқағы (холера Эль-Тор). Аурудың екі түрінің көзге көрінерлік айырмашылығы жоқ, адам өміріне қауіп бірдей деуге болады. Тырысқақ қоздырғышы ұзақ мерзімге дейін адам денесінен сырт жерлерде өмір суруі мүмкін. Қоздырғыш ашық су қоймалары мен теңіз суында бірнеше айға дейін, қайнамаған суда 25 күнге, қайнаған суда 37 күнге дейін тіршілігін жоймайды. Әсіресе иірім суда, монша суы жиналған жерде 106 күнге дейін өмір сүреді. Ылғалды бау-бақшадағы топырақта 75 күнге дейін тіршілік қабілетін жоймайды. Ауру адамның нәжісі тиген іш киім бедерінде бірнеше аптаға дейін өмір тіршілігін жоймайды. Тырысқақ қоздырғышының көкеңіс-жеміс тағамдарында 7 күн, сары май, сүт, балмұздақта 14 күн, сүзбе, шай, етте 7 күн, тұздалған етте 21 күн, нанның қабығында 7 күнге дейін тіршілік қабілетін жоймайды.

Дезинфекциялық дәрілерге тырысқақ қоздырғышы өте сезімтал келеді. Тырысқақ қоздырғышы ауру адамнан сау адамға өртүрлі жолмен жұғады. Тырысқақпен ауырған адам өлінің бар уақытында лас қолмен азық-түлікке араласып тағам дайындаса, үй мүлкін ұстаса қоздырғыштар адамның асқазанына түсуіне үлкен жағдай туады. Әсіресе ауру адамды күтушіге ауру қауіпі зор. Тырысқақ осымен қатар, сау адамға осы аурудың қоздырғышы түскен су арқылы да, көкеңіс, жеміс тағамдары арқылы да жұғады. Дайын тағамдарды шыбын арқылы тырысқақ қоздырғышымен ластанатынын әр уақытта есте ұстау керек. Қоздырғыш адам денесіне кейін аурудың алғашқы белгісі білінгенше бірнеше күн өтеді (аурудың астыртын мерзімінің ұзақтығы бірнеше сағаттан- 6 күнге дейін). Аурудың алғашқы белгісі жиі-жиі іш өтіп, құсу, нәжістің сұйылып, бірте-бірте табиғи түсін жоғалтуынан басталады. Аз уақыттың ішінде нәжіс түсі мүлде өзгеріп, күрші суына ұқсайды. Науқас бірте-бірте өлсізденіп, басы айналып, аяқ-қолының бұлшық еттері тартылып, денесі қалшылдайды. Әрдайым ауру адамның дене қызуы төмендейді.

Тырысқақ ауруынан сақтану өте жеңіл де мөнді мынадай ережелерді сақтаған жөн:

- Өз бетімен дәрі-дәрмек ішпей деру дәрігерді шақыртыңыз.

- Қайнамаған су, сырты жуылмаған жеміс тағамдарын пайдаланбауды өдетке айналдыру керек.

- Бөлмелерді (асхана, дәретхана, душ, ванна) қажетті құралдар мен залалсыздандыру қажет.

- Жеке бас гигиенасын ұстана отырып, сіз өз өміріңізді сақтайсыз.

Ойыл обаға қарсы күрес бөлімшесі 2009-2021 жылдан бастап бекітілген нысандарда тырысқаққа байланысты су сынамалары тексеріледі. Саралжын, Шиқұдық, Қорырат маңы, Екпетап, Жанабаз өткелі мен көпір жанынан жаз айларында тырысқаққа қарсы су сынамалары алынды. 2021жылда тырысқаққа қарсы 64 су сынамасы тексерілді. Оң нәтиже берген жоқ. Ойыл аудандық ауруханасына аса қауіпті тырысқақ ауруымен адам түскен жоқ.

Г.РАХИМОВА, Ойыл обаға қарсы күрес бөлімшесінің зертханашысы.

«ЖЫЛЫТУ КЕЗЕҢІНДЕГІ ӨРТТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ»

Аяздың күшеюімен тұрмыстық өрт қауіп артады.

Электр желілерін шамадан тыс жүктеу, жылыту пештерінің шамадан тыс қызуы, ақаулы пеш, электр және газ жабдықтарын пайдалану, темекі шегу кезінде абайсыздық және тағы басқалар - мұның бәрі өртке әкелуі мүмкін.

Қазірдің өзінде, қыс алдындағы кезеңде өрттер санының артуы байқалады: өткен аптада ғана облыста 18 өрттің 12-сі тұрғын үй секторында болды, 1 адам қаза тапты.

Облыс аумағында жыл басынан бері 450 - ден астам өрт болды (2020 жылы - 541), өрт кезінде 7 адам қаза тапты (2020 жылы-3), 13 адам (2020 жылы-7) түрлі дәрежедегі жарақат алды. Материалдық шығын 73 млн.теңгеден асты (73 млн. 738 мың теңге) (2020 жылы – 120 млн. 616 мың 224 теңге).

Төтенше жағдайлар аймағында өрт сөндірушілер 54 адамды, оның ішінде 14 баланы, сондай-ақ жалпы сомасы 100 млн.теңгеден астам мүлкіті құтқарды.

Өрттердің басым көпшілігі электр жабдықтарын монтаждау және техникалық пайдалану ережелерін бұзу, сондай-ақ халықтың отты абайсыз пайдалануы себебінен болды.

Өрттің ең көп саны тұрғын үй секторында – 230 факт (50%) (2020 жылы - 285) және көлік құралдары - 129 (2020 жылы - 114).

2020-2021 жж. жылыту кезеңінде улды газбен уланудың 4 фактісі орын алды (өртсіз), онда 7 адам (оның ішінде 3 бала) зардап шекті.Фактілер үш жағдай бойынша орын алды: пешті пайдалану ережелерін бұзу, ал бір жағдай бойынша газ қазандығын пайдалану кезінде бұзушылық.

Уланудың алғашқы белгілері-бас айналу және маңдай бөлігіндегі өлсіз бас ауруы.

Алғашқы көмек тез және білікті болуы керек. Бірден бөлмені желдетіп

немесе таза ауаға шығып, медициналық көмекке шақыру керек.

Көмірқышқыл газымен уланудың қандай себептері бар?

1.Пеш қалауларындағы жарықтар, бітелген түтіндік, от алдыру парағының болмауы.

2. Жылыту жабдықтарын, атап айтқанда пештерді үйлер мен монша-ларда дұрыс пайдаланбау. Пеш жапқышын көмір жанғанша жабуға болмайды. Моншаны қыздырып, жанып жатқан пешті қараусыз және бақылаусыз қалдыруға болмайды.

3. Жұмыс істемейтін желдету. Қалылық пөтерлерде жылыту үшін газ плитасын пайдалану және желдету жетілдікіз болса, денсаулыққа қауіпті.

4. Гаражға автомобиль қозғалтқышын қосу. Автокөлік жүргізушілеріне автомобиль қозғалтқышы қосылған кезде гаражда жұмыс істеуге қатаң тыйым салынады, өйткені гараждағы желдету пайдаланылған газдарды сыртқа шығаруды қамтамасыз ете алмайды.

Пөтерлер мен үйлердегі өрттің алдын алу үшін тұрғындарға не істеу керек:

1. Ең алдымен, қыстың алдында барлық мұржалар мен желдету арналарын тазалау керек. Бұл маңызды!

2. Егер сіздің үйіңіз жаңа болмаса, онда сымдарды тексеріп, оған назар аударыңыз.

3. Үйде ақаулы электр жабдықтарын ұстаманыз.

4. Егер үйде жылытқыштар болса, оларды перделерден, тесек жапқыштарынан және басқа жанғыш заттар мен материалдардан аулақ ұстау керек.

5. Үйден шыққан кезде электр қуатын, әсіресе жылыту құрылғыларын желден өшіруді ұмытпаңыз.

6. Сіз үйде темекі шегуге тырыспаңыз, тіпті балконнан темекі шегуге болмайды. Нашар сөндірілген темекі тұқылы бірнеше рет қорқынышты

«ПРОФИЛАКТИКА ПОЖАРОВ В ОТОПИТЕЛЬНЫЙ ПЕРИОД»

С усилением морозов возрастает риск бытовых пожаров.

Перегруз электросетей, перекал отопительных печей, эксплуатация неисправного печного, электро и газового оборудования, неосторожность при курении, и многое другое – все это может привести к пожарам.

Уже сейчас, в предзимний период, наблюдается повышение количества пожаров: только за прошедшую неделю в области из **18 пожаров 12 произошло в жилом секторе, погиб 1 человек.**

На территории области с начала года произошло более **450 пожаров (2020 год - 541)** при пожарах **погибло 20 человек (2020 год - 3), 13 человек (2020 год -7) получили травмы** различной степени тяжести.

Материальный ущерб составил **более 73 млн.тенге (73млн. 738 тыс.тенге)(2020 год – 120 млн. 616 тыс. 224 тенге).**

Пожарными в зоне чрезвычайных ситуаций **спасено 54 человека** из них **14 детей**, а также имущество на общую сумму более **100 млн. тенге.**

Подавляющее количество пожаров произошло по причине нарушений правил монтажа и технической эксплуатации электрооборудования, а также неосторожного обращения населения с огнем.

По-прежнему наибольшее количество пожаров происходит в **жилом секторе–230 фактов (50%)(2020 год -285)и транспортные средства -129 (2020 год - 114).**

За 2020-2021гг отопительного периода произошло 4 факта отравления угарным газом *(без пожара)*, при которых пострадало 7 человек*(из них 3 детей)*.

Три из указанных фактов произошли по причиненеправильной эксплуатации печей на твердом топливе, а по одному случаюнарушение при эксплуатации газового котла.

Первые признаки отравления — головокружение и слабая головная боль в лобной части.

Первая помощь должна быть

быстрой и квалифицированной. Сразу следует проветрить помещение либо выйти на свежий воздух и вызвать медицинскую помощь.

Какие же причины поражают отравления угарным газом?

1.Трещины в печной кладке, засоренный дымоход, отсутствие предтопочного листа.

2. Неправильная эксплуатация отопительного оборудования, в частности печей, в домах и банях. Нельзя закрывать печную заслонку, пока угли не прогорели. Не следует перетопливать баню и оставлять топящиеся печи без внимания и контроля.

3. Неработающая вентиляция. В городских квартирах использование газовой плиты для отопления и при недостаточной вентиляции опасно для здоровья.

4. Включение двигателя автомобиля в гараже. Автомобилистам категорически запрещается работать в гараже при включенном двигателе автомобиля, т.к. вентиляция в гараже не может обеспечить отвод выхлопных газов наружу.

Что нужно предпринять жителям для предотвращения пожаров в квартирах и домах:

1. В первую очередь перед зимой нужно прочистить все дымоходы и вентиляционные каналы. Это важно!

2. Если Ваш дом не новый, то проверьте проводку и следите за ней.

3. Не держите в доме неисправное электрооборудование.

4. Если в доме имеются обогреватели, то держать их нужно вдали от занавесок, покрывал и др. горючих вещей и материалов.

5. Не забывайте выключать из сети электрические, особенно нагревающиеся приборы, при выходе из дома.

6. Нужно постараться не курить в доме, а тем более не кидать окурок с балкона. Плохо затухший окуроч много раз приводил к страшным пожарам.

7. Не оставляйте детей дома одних.

Мы часто становимся свидетелями

өрттерге алып келді.

7. Балаларды үйде жалғыз қалдырмаңыз.Біз балалар қараусыз қалған кезде салдардың куесі боламыз.

Жыл басында облыс аумағында газ баллондары жарылысының 3 резонанстық жағдайы орын алды.

Жарылыстардың себептері газ баллондарын пайдалану ережелерін бұзу болды,